



201__ жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

«___» _____ 201__ года

№ _____

№ _____

№ _____ данасы

экз. № _____

№ исх: 11-21/4030 от: 27.03.2017

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2017 жылғы 2 ақпандағы № ДС-31

Құрметті депутаттар!

Сіздердің мал шаруашылығындағы субсидиялардың тең бөлінбеуіне қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік қолдаудың тиімділігін арттыру жөніндегі міндеттерді іске асыру үшін Ауыл шаруашылығы министрлігі субсидиялау қағидаттарын қайта қарады.

Құс еті өндірісін субсидиялауға қатысты

Құс еті өндірісін субсидиялаудың жаңа тетігі кәсіпорын өндірісінің нақты көлемін ескере отырып сараланған нормативтерді қолдануды көздейді.

2017 жылы 125 мың тонна құс етін өндіруді субсидиялауға мемлекеттік бюджетте 8,6 млрд. теңге көзделген, ал 2016 жылы 122 мың тонна құс етін өндіруге 9,8 млрд. теңге бағытталған. Осылайша, құс еті өндірісіне берілетін субсидиялар көбеймейді, қайта 12% қысқарады.

Бұл ретте, бөлінген қаражат шеңберінде ағымдағы жылы құс еті ғана емес (тауық), сондай-ақ суда жүзетін құстардың етін өндіруді субсидиялау болатынын атап өткен жөн.

Сиыр еті өндірісін субсидиялауға қатысты

Бұрынғы қолданыстағы сиыр еті өндірісін субсидиялау тетігі барлық бордақылау алаңдарының қатысуына бірдей қолжетімділікті қамтамасыз еткен жоқ.

Осыған байланысты, Президенттің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 420 Жарлығымен бекітілген Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – Мемлекеттік бағдарлама) шеңберінде сиыр еті өндірісін субсидиялау тетігі

өзгертілген.

Мәселен, сиыр еті өндірісін субсидиялау нормативтері нақты бордақыланған мал басы санын ескере отырып, өзгертілген. Сондай-ақ субсидиялау кезінде бордақылау алаңдарына шекті критерийлер 400 бастан 100 басқа дейін азайтылған.

Нәтижесінде, ағымдағы жылы бөлінген қаржы көлемінің шеңберінде бордақылау алаңдарын субсидиялаумен қамту 3 есе артып отыр (175 тен 522 бірлікке дейін), оның ішінде мал бордақылауға мамандандырылған ауыл шаруашылығы кооперативтерін қамту көзделген. Субсидиялаумен қамтылған өндірілген сиыр етінің көлемі 40%-ға артады (31,5 мың тоннадан 43,8 мың тоннаға дейін).

Айта кететін жайт 2017 жылдың өзінде сиыр еті өндірісін субсидиялау тетігін қайта қарау есебінен 2,5 млрд. теңгені АӨК мемлекеттік қолдаудың басқа да маңызды бағыттарына қайта бөлуге мүмкіндік пайда болды.

Шошқа шаруашылығы саласын субсидиялауға қатысты

Шошқа шаруашылығы саласының дамуына негізгі кедергі болып отырған фактор, өз өндірісінің жетілмеуінің себебінен асыл тұқымды малдарға қол жетіспеушілік болып табылады.

Нәтижесінде, негізгі табынды жаңарту жүзеге асырылмайды және мал басының өнімділік қасиеттері төмендейді. Мысалы, республика бойынша бір мегежіннен төл алу шығымы жылына орташа 12 басты құрайды, ал шетелдерде бұл көрсеткіш жылына орташа 26 басты құрайды.

Шошқа шаруашылықтары кәсіпорындарының асыл тұқымды төлдерге қол жетімділігін қамтамасыз ету үшін, 2017 жылы асыл тұқымды бір шошқа басын сатып алуға субсидиялау нормативі 15,0 мың теңгеден 75,0 мың теңгеге дейін арттырылды.

Осылайша, асыл тұқымды шошқа шаруашылығын субсидиялауға 2017 жылы жергілікті бюджеттерден 150 млн. теңгеге дейін көзделуде, бұл 2016 жылмен салыстырғанда 11 есе көп (2016 жылы 16,5 млн. теңге көзделген болатын).

Субсидиялау нормативін ұлғайту әр басының сапалы өнімділігін және рентабельділігін арттыруға ықпал етеді.

Жылқы және түйе шаруашылығы саласын субсидиялауға қатысты

Мал шаруашылығының жылқы шаруашылығы мен түйе шаруашылығы сияқты дәстүрлі бағыттарында селекциялық және асылдандыру жұмыстарының тиімділігін арттыру мақсатында, ағымдағы жылы асыл тұқымды айғырлар мен аталық-түйелерді сатып алуды субсидиялау нормативтері әр басына 40,0 мың теңгеден 100,0 мың теңгеге дейін арттырылды.

Осылайша, асыл тұқымды жылқы шаруашылығын қолдауға 2017 жылы 640 млн. теңге көзделуде, бұл 2016 жылмен салыстырғанда 1,6 есе көп (2016 жылы 387 млн. теңге көзделген) және түйе шаруашылығына 44,5 млн. теңге көзделуде, бұл 2016 жылмен салыстырғанда 7 есе көп (2016 жылы – 6,4 млн. теңге).

Осыған байланысты, ағымдағы жылы асыл тұқымды жылқы шаруашылығы мен түйе шаруашылығын қолдауға арналған субсидияландыру көлемін азайту көзделмеген.

Ауыл шаруашылығы малдары үшін жем-шөп шығынын субсидиялауға қатысты

2017 жылы ауыл шаруашылығы малдарының азығын субсидиялауға 5,5 млрд. теңге көзделген (2016 жылы 4,8 млрд. теңге бөлінген болатын).

Бұл ретте, Мемлекеттік бағдарламаға сәйкес ағымдағы жылдан бастап ауыл шаруашылығы кооперативтерін қолдау үшін бір тонна құрама жем сатып алу кезінде 20 мың теңге көлемінде субсидиялау бөлу жолымен құрама жем құнын арзандатуды субсидиялау бағыты көзделген.

Б. Сағынтаев